



«Aqmola – adaldyq alan'y»



Ashyq Aqmola



Жобаның басты мақсаты

Ақмола облысының аудан, қала, ауылдық округ, ауыл тұрғындарына мемлекет тарапынан көрсетілетін қызметтер туралы заңгерлік көмек беру, қызметтерді ыңғайлы алуға жағдай жасау, компьютерлік сауаттандыру (e.gov), аудан, ауылдық округ, ауыл болашағын жергілікті тұрғындармен бірлесе отырып ашық талқыға салу, мемлекеттік органдарда ашықтықты қамтамасыз ету және қоғам тарапынан бақылауды күшейту.





Ұсыныстар

Ауылдық округ әкімдіктерінде әр айдың үшінші жұмасы, сағат 09:00 ден 13:00-ге дейін халыққа консультациялық уақыт жариялау;

Анықтама үшін: Ауылдық округ әкімдігі және мемлекеттік органның барлық мамандары (ауылдық округ әкімін қоса) ауыл тұрғындарына өзекті мәселелер бойынша (жер қатынастары, әлеуметтік қамсыздандыру, білім саласы) кеңес беру жұмыстарын жүргізу.





Ауыл тұрғындарын электронды мемлекеттік қызмет алуға баулу. Сауаттандыру жұмыстарын жүргізу.

Анықтама үшін: Жоғарыда көрсетілген консультациялық уақытта ауылдық округ әкімдігі аумағынан ашылған өз – өзіне қызмет көрсету бұрышы алаңында ауыл тұрғындарына e.gov электронды үкімет порталында қызмет алу ережелерімен таныстыру, қызмет алуды үйрету.





Ауыл тұрғындарына жылдық жоспарды, бас жоспарды, бөлінетін бюджеттік қаржыны жариялау.

Анықтама үшін: Ауылдық округ әкімі немесе жауапты мамандар консультациялық уақытта алдағы уақытқа жоспарланған іс – шаралармен тұрғындарды таныстыру. Мемлекеттік білім беру ұйымдарының қажеттілігіне бөлінетін қаржыны ұйым ғимараты ішіне баршаға көрінетін жерге ілу.





“Safe zone” аймағын құру


Әкімдік немесе ауылдық клуб алаңында ауыл тұрғындарына арналған «қауіпсіз аймақ» құру. Аталған аймақта wi-fi желісі, стационарлық телефон орнату. Стационарлы телефондарда ауылдық, аудандық, облыстық стационарлы телефондарға қоңырау шалу мүмкіндіктерін жасау. Құрылғылармен кез – келген адам қолдана алатын жағдай жасау. Аймақты ауылдық округ әкімдігі тарапынан ашылған өзіне – өзі қызмет ету бұрышынан ашу.

SAFEZONE
ҚАУІПСІЗ АЙМАҚ



Ұсыныстар банкі

Әкімдік ғимаратында барлық жұмыс уақытында қол жетімді болатын ауылдық әкімдік немесе мемлекеттік мекеме жұмысын оңтайландыруға бағытталған ұсыныстар салатын жәшік орнату және жобалық кеңсенің поштасын көрсету. Жәшікті пломбалау және айына 1 реттен кем емес уақытта «Ақмола-адалдық алаңы» жобалық кеңсесіне скан нұсқада жіберу.





Мерзімдер

Жоғарда көрсетілген іс – шараның барлығын (*Safe zone-нан басқа*) ауылдық округ әкімдіктері 15 күнге дейін ұйымдастыруға толық мүмкіншіліктері бар.

“Safe zone” аймағын 30 күн ішінде ашу.





Шығындар

Аталған іс – шараларға хабарландыру мақсатында баннерлер ілу.
“Safe zone” аймағына «Қазақтелеком» АҚ wi-fi және стационарлы телефонын құру айына 8000 тг ден көп емес қаржыны талап етеді.





Тәуекелдер

Қоғам өкілдерімен ұйымдастырылған жиындарда наразы топтың мемлекеттік мекеме жұмысына сын айту. Негативті көз қарастағы қоғам өкілдерімен кездесу.

Стационарлық телефонда ұзақ уақыт бір азаматтың босатпауы. Аталған мәселені шешу үшін, бір қоңырау – 5 минутта артық уақытқа созылмайтындығын көрсету.

